## Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 қарашадағы N 1148 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мәдениет комитеті оған министрліктің мәдениет, тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы іске асыру және бақылау функцияларын бере отырып құрылсын.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.09.2014 № 1003 қаулысымен;

2) "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Тіл комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 4 ақпандағы N 103 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2005 ж., N 6, 53-құжат):

2-тармақтың 1) және 2) тармақшалары және 3-тармақ алынып тасталсын.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 23.09.2014 № 1003 қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап отыз күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізілетін 2-тармақтың 1) тармақшасының үшінші абзацын, 2) тармақшасының екінші абзацын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2007 жылғы 29 қарашадағы
N 1148 қаулысына
қосымша

Ескерту. Қосымшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.09.2014 № 1003 қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК